

Келісілді
«Мұғалжар ауданының
білім бөлімі» ММ
әдістемелік жетекшісі
Г.Қ.Б. 2025 ж



«Бекітемін»
«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК меңгерушісі:
Ж.А. Курманова
2025 ж

**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
«Аққоян» ересек тобы**

**2025-2026 оқу жылына арналған вариативтік компонент:
«Сиқырлы бояулар»**

Қазыбаева Ж.Б.
Карагулова Н.А

Қандыағаш қаласы

Қандыағаш қаласы МККҚ «Күншуақ»бөбекжай-бақшасының»

Тәрбиешісі Карагулова.Н.А,Қазыбаева.Ж.Б.

«Сиқырлы бояулар»бағдарламасына.

Пікір

Еңбек тәрбиесі – ол баланың еңбек етуге деген психологиялық даярлығын, еңбекке деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, сонымен бірге еңбек тәртібі мен мәдениетін меңгерту болып табылады.


Бала бойында еңбексүйгіштікті тәрбиелеу жайлы К.Д.Ушинский: «Тәрбиенің өзі, егер ол адамға бақыт тілейтін болса, оны бақыт үшін емес, өмір сүру еңбегіне даярлау керек... Тәрбие адам бойында еңбекке деген сүйіспеншілік пен әдетті дамытуы керек; ол адамға өмірдегі өзі үшін қажетті еңбекті табуға мүмкіндік жасауы керек... Тәрбие адамның ақылын ғана дамытып, оны белгілі көлемдегі мәліметтермен таныстырып қана қоймай, адам жүрегінде еңбексіз адам өмірі абыройлы да, бақытты да болмайтындай еңбекке деген ынтаны жандыруы қажет»- деп жазады.

Еңбек тәрбиесі отбасында әр түрлі жолдармен іске асады. Балалар өзіне-өзі қызмет көрсетуге кеңінен қатыстырылады. Олар үй шаруашылығында көптеген міндеттер атқарады. Балалар мен ересектердің бірлесіп жұмыс істеуіне мүмкіншілік болады.

Еңбек баланың адамгершілік, ақыл-ой, физикалық, эстетикалық дамуының ең бір басты факторы. Осы сатыда қалыптасқан дағды баланың одан әрі дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, меңгеретін білім, білікті белсенді түрде қабылдауы мен түсінуіне мүмкіндік тудырады. Ұсынылып отырған бағдарлама балалардың еңбек әрекетіне қатысуға қызығушылығын дамыту мақсатын көзейді.

«Күншуақ»бөбекжай-бақшасының»

МККҚ әдіскері:



Ж.А.Жариева.

Түсіндірме хат

Дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салу, мүсіндеу, қол еңбегі бүлдіршіндердің ең сүйікті ісі де болады. Өйткені, бояу әлеміне ену, оны қолмен ұстап, сезіну арқылы салынған дүние – балалардың танымдық деңгейін ғана емес, сонымен бірге қоршаған ортаға деген қызығушылығын да арттырады.

Сондықтан болар, дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу:

- баланың психикасына (эмоционалдық жағдайына);
- логикалық ойлау қабілетіне;
- саусақ моторикасының дамуына;
- қағаз бетіне бағдарлай білуді;
- көзбен көріп, мөлшерлей білуді;
- эстетикалық талғамының қалыптасуына зор ықпал етеді.

Жалпы, мектепке дейінгі мекемелердегі бейнелеу өнерінің, мүсіндеудің, табиғи материалдармен жұмыс жасаудың шығармашылық қабілеттерін шыңдауда балалар үшін маңызы зор. Өз түсінгенін бұқпасыз, боямасыз жеткізетін жеткіншектің бояу арқылы бағдарлауында тәрбиешінің орны ерекше. Сондықтан да, өзімнің шығармашылық жұмысымның арқауы ретінде осы дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуды, мүсіндеуді, қол еңбегін алуды жөн көрдік. Аптасына бір рет өткізілетін бұл іс-әрекеттер балалардың қиялын, ой-өрісін дамытады, шығармашылыққа жетелейді.

Шығармашылық жұмысымның өзектілігіне келер болсақ: Бала қиялына ерік беру арқылы оның ішкі сезімін, жан дүниесін бағдарлау, нәтижеге жетер жолдағы тиянақтылық пен іскерлік дағдысын дамыту.

Ерте кезде-ақ философтар шығармашылық феноменды аңғаруға және адам дамуына ықпалы қаншалықты екенін анықтауға ұмтылды (Платон, Аристотель, Ф. Аквинский, И.Кант). Орыс философиясында шығармашылық зор түсініктердің бірі екендігін мойындайды (В.С.Соловьев, В.Н.Лосский, И.А.Беряев).

Бейнелеу өнері шығармаларын жақсы дәрежеде қабылдау үшін, бала өнердің өзінің бейнелеу тілін түсінетін дамыған қабілет болу қажет. Өнер қабылдау балада арнайы үйренуді қажет етеді.

«Сикырлы бояулар» үйірмесі балаларды дәстүрден тыс әдіс арқылы сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, табиғи материалдарды қолданып өз шығармашылық қабілеттерін дамытып, жасаған жұмыстары туралы әңгімелей білуге үйретеді.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау қабілетін, мәдениетін дамыту. Шығармашылық іскерліктері мен эстетикалық талғамын қалыптастыру.

Міндеттері:

Балалардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап, бір затты әр қырынан көре білулеріне, жасаған жұмыстарын талдауға, өз ойларын жеткізе білулеріне машықтандыру.

Бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгерту.

Саусақ моторикасының дамуына, эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал ету.

Сурет өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру.

Бастаған істі аяғына жеткізуге, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелей отырып, рухани – адамгершілік қасиетін дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Дәстүрден тыс әдіс арқылы бейнелеу техникасын меңгеріп, өз беттерінше жұмыс жасайды.

Шығармашылық қабілеттері шыңдалады.

Жасаған жұмысы туралы айтып бере алады.

«Сиқырлы бояулар» бағдарламасының № 13 «Аққоян» ортаңғы топ балаларына арналған ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Мақсаты	Көрнекілігі	Сағат саны	Уақыты
1	«Түстер әлемі»	Бояулармен, оларға тән қасиеттермен таныстыру. Қылқаламмен, бояуды дұрыс пайдалану дағдыларына баулу. Сурет салуға құштарлықтарын арттыру. Сызықар, сүйкей жағу ұғымдарын түсіндіру.	Негізгі қосалқы түстер. Акварель, қылқалам, гуашь, түрлі-түсті карандаштар	1	Қыркүйек I
2	Кемпіркосак (қылқалам)	Балаларға кемпіркосактың негізгі түстерін меңгерту, кемпіркосактың қалай пайда болатынын түсіндіру. Спектрдегі негізгі түстерді есте сақтау. Кемпіркосактың түстерінің орналасу ретімен таныстыру. Акварель бояулармен, қылқаламмен жұмыс жасауды үйретуді жалғастыру.	Кемпіркосак суреті. Акварель, қылқалам	1	II
3	«Менің доптарым»	Балалардың гуашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Дөңгелек затты-доптың суретін салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін, ой-қиялдарын дамыту. Байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл-қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру. Тазалыққа, төзімділікке, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Өртүрлі доптар гуашь, қылқалам	1	III
4	Жемістер мен көкөністер (саусақпен салу)	Күздің сыйы көкөністер мен жемістер туралы қайталау. Саусақпен салу тәсілдерімен таныстыру. Саусақпен жемістер мен көкөністерді бейнелеу. Түстерін дұрыс пайдалануды қалыптастыру.	Жемістер мен көкөністер муляждары. Акварель, гуашь	1	IV
5	Қоянның сүйікті асы (майшаммен салу)	Балалардың қол икемділігін арттыру. Жемістерді ататып, түстерін ажырата білуге үйрету. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	Көкөністер, майшам, акварель	1	Қазан I
6	Себеттегі алма	Балаларды бір-бірін қалақалап тұрған заттардың суретін дұрыс бере білуге	Алма бақтағы жиын-терін жұмыстары	1	II

		үйрету.Шығармашылық ойлау қабілеттері мен бейнелей білу мүмкіндіктерін дамыту.Балалардың сурет салуға деген қызығушылығын арттыру.	бейнеленген сурет,алманың муляжы;себет,қағаз түрлі-түсті карындаштар		
7	Күзгі жаңбыр	Балаларға табиғаттағы көңіл күйді түстер арқылы сезе білуге үйрету. «Суық түстерді»пайдалана отырып,күзгі жаңбырды бейнелей алу,аралас техникада жұмыс істей алу,дағдыларын жетілдіру. Ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.	Жаңбырлы күз бейнеленген картиналар мен фотосуреттер,қағаз, балауыз бор,акварель бояу,қылқалам,су,к ол орамал	1	III
8	Алтын балық (алақанмен)	Алақанды бояп,ізін қағазға түсіру арқылы,балық образына дейін толықтыруды үйрету.Елестету мен шығармашылық қабілетін дамыту.	Бояулар,гуашь,су	1	IV
9	«Кесені әшекейлейміз»	Балалардың қазақтың ою – өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру. Кесені әшекейлегенде «тұмарша», «ирексу» ою- өрнек элементтерін пайдаланып салуды үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.Тазалыққа,салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	Дайын кесе суреті,акварель, қылқалам	1	Қараша I
10	Тікенекті кірпі	Балалардың тікенекті кірпі туралы түсініктерін жетілдіру.Қысқа тұзу сызықтарды сызу арқылы кірпінің суретін салуға жаттықтыру.Жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	Трафареттер, кірпі суреті,бояулар,гуашь,губка	1	II
11	«Түнгі жұлдыздар»	Майшаммен бейнелеу тәсілімен жұмысты жалғастыру.Суық түстерді қайталау.Әсемдікті көре білуге тәрбиелеу.	Майшам,бояулар, қылқалам, гуашь	1	III
12	«Бұлт күнді жапты» (саусақпен сурет салу)	Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін аспанда калқып жүрген бұлттардың калкалаған суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүйеге, қастерлеуге және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Күннің суреті Сары,көк түстер	1	IV
13	«Жапалақтап алғашқы қар жауып тұр»	Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуіне ықпал ету,қоршаған ортаға – үйлерге, заттарға, ағашқа, жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатындығын бақылату.Көк түс	Мақта таяқшалары, бояулар	1	Желтоқсан I

		пен ақ түстің бір-бірімен үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету.Таяқшаларды пайдаланып тіс пастасымен қар салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.			
14	«Аққала» (пластилинография)	Картон қағазға ермексазды жағу арқылы бейнелеуді үйрету.Шыдамдылыққа ептілікке тәрбиелеу.	Ермексаз,картон қағаз,штикер	1	II
15	«Әсем шырша» (мақта таяқшаларымен)	Мақта таяқшаларымен нұқып салу тәсілін меңгерту. Ұқыптылыққа,шыдамдылыққа тәрбиелеу.	Шырша бейнесі, мақта таяқшалары, бояулар	1	III
16	«Түзу жолда,мен жүремін тура»	Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қылқаламды оң қолдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту.Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру,қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Акварель, қылқалам	1	IV
17	«Боран» (майшаммен сурет салу)	Қағазды тұтас бояп,үстіне майшаммен ұйтқыған боранды,бейнелеуді үйрету.Түс таңдай білуге машықтандыру.	Майшам,акварель, қылқалам	1	Қаңтар I
18	Қысқы табиғат	Балаларды суреттерінде туған жердің қысқы табиғатын әсерлі етіп көрсете алуға,ренкті беруге,көріністік суреттің композициясын құрастыруға үйрету.Ағаштарды түрлі техникамен бейнелеу дағдысын қалыптастыру.Шығармашылық қабілеттерін дамытып,табиғатқа деген сүйіспеншілікке баулу.	Қысқы табиғат бейнеленген суреттер,гуашь,қыл қалам,су құйылған ыдыс,қолорамал	1	II
19	«Сызықтар әлемі» (кляксография)	Боялған жіп арқылы дәстүрден тыс сурет салу әдісімен таныстыру.Ептілікке, шығармашылықпен ойлауға тәрбиелеу.	Кең ыдыс бояулар,қылқалам, жіп,қол сүлгі	1	III Қытай
20	Аққала жасайық	Аққаланың бейнесін салуға үйрету. Ұжымдық композиция құрастыруға үйрету.Суреттің мазмұнынғөздеріне тән еркешеліктерін әсерлік сезіммен қабылдай алуға тәрбиелеу.Шығармашылық қабілеттерін дамыту.	Аққаланы суреті,акварель бояуы,қылқалам, қолорамалдар	1	IV
21	Менің сүйікті	Балаларды сурет салғанда	«Бауырсақ»ертергісі	1	Ақпан

	ертегім «Бауырсақ»	ертегілер мазмұнына композиция құрастыруға, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу. Түрлі тәсілдермен бейнелеу дағдыларын нығайту. Бейнелік елестету, қиялдауды дамыту.	нің кейіпкерлерінің суреттері, акварель бояу, қылқалам, су, қарындаш, колорамал		I
22	«Қысқы ағаш» (түтікшемен кляксография)	Түтікшені үрлеу арқылы қысқы ағашты бейнелеу. Ұқыптылыққа, аңғарымдылыққа тәрбиелеу.	Түтікше бояу, гуашь, пластмасс қасық	1	II
23	Менің сүйікті ыдысым	Балаларға өзінің сүйікті ыдысының суретін салып, оның сыртына өзінің атының бас әрпін жазуды үйрету. Еңбек нәтижесіне жетуде баланың шығармашылық қабілетін, ой-қиялын дамыту.	Ойыншық ыдыстардың бейнеленген суреттері, дайын үлгі, қағаз, түрлі-түсті қарындаштар	1	III
24	«Жұлдызкұрт» (саусақпен)	Саусақпен сурет салу тәсілін бекіту, саусақ ізімен түрлі бейнелерді бейнелеуге болатынын үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Бояулар, су, қол сүлгі	1	IV
25	«Анаға арналған ашық хат» (трафарет)	Әртүрлі әдістер арқылы анаға арнап ашық хат бейнелеу. Эстетикалық талғамын, шығармашылық ой-қиялын дамыту.	Бояулар, гүлдер трафареттері	1	Наурыз I
26	«Киіз үй» (трафарет, мақта таяқшалары)	Дайын киіз үй суретін әрі қарай трафаретпен безендіру, мақта таяқшаларымен табиғатты әсемдеу, елестету, қиялын дамыту.	Трафареттер, мақта таяқшалары, бояулар	1	II
27	«Гүл шоғы»	Балалардың шығармашылық қабілеттері мен қиялын дамыту. Қылқаламмен сурет салу әдісін үйрету. Көз мөлшерін дамыту. Түстерді сезіне білуге, эстетикалық сезімін қалыптастыру. Әсемдікке тәрбиелеу.	Әдемі гүл шоқтарының суреті, акварель бояулар, қылқалам, жіп, қол сүлгі	1	III
28	«Бакбак» (поролон губкамен)	Поролон губкамен жұмыс жасауды жалғастыру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.	Поролонды губка, гуашь, бояулар	1	IV
29	«Көбелек» (кляксография)	Симметриялы суреттерді тек бір жағына сурет салып бейнелеуді үйрету. Дәлдікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Бояулар, қылқалам	1	Сәуір I
30	«Әдемі көйлек» (саусақпен сурет салу)	Көйлек үлгісін әшекейлеуге үйрету. Саусақпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын арттыру, әдемілікке тәрбиелеу.	Бояулар, су, қол сүлгі	1	II
31	Қош келдің, жаз!	Балаларды түрлі бейнелеу материалдарын қолдана	Жаз мезгіліндегі әдемі гүлдердің	1	III

		отырып, жаз мезгілін бейнелеуге, композицияны әдемі, дұрыс құрастыруға үйрету. Шығармашылық қиялдау қабілеттерін дамыту.	суреттері, гуашь, қылқалам		
32	«Жеміс ағашы» (түтікшемен қляксография, саусақпен сурет салу)	Әртүрлі әдістермен сурет салуды қайталау. Өз қиялымен бейнелеуді бекіту. Шығармашылыққа тәрбиелеу.	Түтікше, бояулар	1	IV
33	«Жәндіктер» (саусақпен, мақта таяқшаларымен)	Әртүрлі әдістермен сурет салуды қайталау. Өз қиялымен бейнелеуді бекіту. Шығармашылыққа тәрбиелеу.	Мақта таяқшалары, бояулар	1	Мамыр I
34	«Күн» (алақанмен)	Алақанды бояп, ізін қағазға түсіру арқылы, күн образына дейін толықтыруды үйрету. Шығармашылық қабілетін дамыту.	Бояулар, гуашь, қылқалам	1	II
35	«Ұлттық оюлар» (трафарет)	Трафареттер арқылы оюларды бейнелету, дұрыс орналастыруға машықтандыру, тазалыққа тәрбиелеу.	Трафареттер, бояулар	1	III
36	Қайталау (өз бетінше жұмыс)	Өз ой-қиялымен суреттерді бейнелеу, шығармашылыққа тәрбиелеу.	Бояулар, қылқалам	1	IV
Барлық сағат саны:				36	